

**"2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1350 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 маусымдағы № 655 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1350 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

05 «Денсаулық сақтау» деген функционалдық топта:

226 «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі» деген әкімші

б о й ы н ш а :

016 «Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау» деген

б а ғ д а р л а м а д а :

мына:

«

				Павлодар қаласындағы 50 төсек-орынға арналған Павлодар аймақтық кардиохирургия орталығының құрылысы (алаңнан тыс инженерлік желілерсіз)	1 907 021			
--	--	--	--	---	-----------	--	--	--

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

				Павлодар қаласындағы 50 төсектік Павлодар өңірлік кардиохирургия орталығының жобалау-сметалық құжаттамасын түзету және құрылысын салу (алаңнан тыс инженерлік желілерсіз), оның ішінде Павлодар қаласында тұрғызылған 50 төсектік Павлодар өңірлік кардиохирургия орталығын құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкестігіне техникалық тексеру жүргізу	1 962 359			
--	--	--	--	---	-----------	--	--	--

»;

«Астана қаласының Қабанбай батыр даңғылындағы сот медициналық орталығының құрылысы» деген жолдағы «358 857» деген сандар «303 519» деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 3-қосымшада:

04 «Білім беру» деген функционалдық топта:

225 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі» деген әкімші

б о й ы н ш а :

012 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға, Алматы облысының облыстық бюджетіне және Алматы қаласының бюджетіне білім беру объектілерінің сейсмотұрақтылығын күшейту үшін берілетін нысаналы даму трансферттері» деген бағдарламада :

«Ақмола облысы» деген жолдағы «3 680 736» деген сандар «2 514 879» деген сандармен ауыстырылсын ;

«Батыс Қазақстан облысы» деген жолдағы «537 985» деген сандар «1 703 842» деген сандармен ауыстырылсын ;

05 «Денсаулық сақтау» деген функционалдық топта:

226 «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі» деген әкімші бойынша :

005 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтау объектілерін салуға және реконструкциялауға, Алматы облысының облыстық бюджетіне және Алматы қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерінің сейсмотұрақтылығын күшейтуге берілетін нысаналы даму трансферттері» деген бағдарламада :

«Ақтөбе облысы» деген жолдағы «4 100 000» деген сандар «3 600 302» деген сандармен ауыстырылсын ;

мына:

«

			Жамбыл облысы	4 038 038	3 210 593	6 235 764
--	--	--	---------------	-----------	-----------	-----------

»

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

			Батыс Қазақстан облысы	499 698		
--	--	--	------------------------	---------	--	--

».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-министрі* *К. Мәсімов*